



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

немногочисленных примеров достаточно для того, чтобы четко уяснить, что такие варианты есть и встречаются очень часто, а, следовательно, во многих случаях могут вызвать проблемы недопонимания, либо вызвать недоверие к изданию.

Исходя из всего вышесказанного, можно сделать вывод о том, что различия, пусть и не такие кардинальные, все же в достаточном количестве присутствуют в газетных статьях американских и британских газет. Наиболее распространены в газетном тексте различия орфографического плана, а также различия на уровне лексики. Безусловным является влияние функционирования американского и британского вариантов на понимание, в нашем случае, газетных статей, а также всех остальных текстов. В особенности данные различия могут представлять трудности для понимания газетных статей читателями, для которых английский язык является неродным.

#### **Список используемой литературы:**

1. Baranova A.A. Kasich A.V. The nature of differences between British and American English // сборник материалов XIV Международной научно-практической конференции студентов и молодых ученых, г. Томск, 21-23 мая 2014 г. - Изд-во ТПУ – С. 43-50.
2. Кобенко Ю. В.. Стандартный американо -британский английский как язык современной глобализации // Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin). 2011. 9 (111) – 2011. – С. 20-23.
3. Ларцева Е. В.. Американский вариант английского языка и его влияние на британский в дискуссиях зарубежных лингвистов // Известия Уральского федерального университета. Сер. 2, Гуманитарные науки. — 2012. — № 3 (105). — С. 147-159.
4. Первашова О. В.. Британский и американский стандартные варианты английского языка в современном англоязычном континууме // Вестник Харьковского национального автомобильно-дорожного университет. – 2005. - Выпуск № 31.
5. Гальперин А.И. Очерки по стилистике английского языка. - М.: Издательство литературы на иностранных языках, 1958 г. - 462 с.
6. The Guardian. URL: <http://www.theguardian.com/uk>. Дата обращения: 24.03.2015.
7. The Houston Chronicle. URL: <http://www.chron.com>. Дата обращения: 24.03.2015.

ОӘК: 810.11:381.69

#### **АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ОРНАТУ**

**Әбілдабек Бақбай**

[bakbai@mail.ru](mailto:bakbai@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Досжан Г.А.

Адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларында, сонымен қатар білім беру саласында ақпараттық технологиялардың жаңа құралдарын қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Отандық және ағылшындық оқулықтарда білім беру үрдісін компьютерлендіру ең маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырылса, ҚР «Білім туралы» заңында көрсетілгендей, білім беру жүйесін ақпараттандыру, мемлекеттік білім беру саясатының негізгі қағидаларын жүзеге асырудың маңызды бір механизмі болып табылады [1.376].

Тіл үйрету жұмысы – өте күрделі үрдіс. Сондықтан оқыту барысында жүргізілетін жұмыстардың барлығы бір-біріне байланысты, жеңілден ауырға қарай, сатылап жүргізілуі

қажет. Оқушылар ағылшын тілі сабағында тек тіл үйреніп қана қоймай, сабақ барысында ойлау дағдыларын қалыптастырып, өмірге өзіндік көзқарасы айқындалып, ұғым-түсінігі кеңейеді. Мұғалім сыныбындағы әр оқушының қабілетін, шет тіліне деген көзқарасын білумен қатар, оқушылардың психологиялық, әлеуметтік күйін ескере отырып, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын меңгерген дара тұлғаны қалыптастыратын танымдық, репродуктивтік, шығармашылық кезеңдерге лайықталған оқу-әдістемелік ұстанымдар басшылыққа алынады.

Оқушылардың әр сабақта алған теориялық білімдерін күнделікті қарым-қатынаста орынды да тиімді қолдана алулары керек. Сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу мұғалімнің сабақтағы негізгі міндеті болып табылады. Айтылым мен тыңдалым сөйлесім әрекетінің ауызша түрін, ал жазылым мен оқылым – жазбаша түрін құрайды. Тілдік қатынастың ауызша және жазбаша түрі өзара тығыз байланысты және үнемі бір- бірімен әрекеттес болады. Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму кезеңі оқу-ағарту саласында технологиялық жаңа әдістерді кең қолдануды қажет етеді. Осы орайда, Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты тақырыпта оқыған лекциясында: «Осы заманғы әлем жаһандану кезеңін – адамзаттың біртұтас ақпарат және коммуникациялар кеңістігінде жан-жақты бірігу, бүкіл планетаның біртұтас экономикалық рынокқа айналуы дәуірін бастан кешіруде» деп атап көрсетті. [2,192 б].

Ақпараттық ортаны құруға негізделген білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру және педагогикалық практикаға жаңа ақпараттық құралдарды, сонымен қатар технологияларды енгізу білім жүйесін дамытудағы стратегиялық тапсырма болып саналады. Қазіргі таңда, білім сапасын жақсарту жолдары жасалып жатыр және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізуге көп көңіл бөлінуде. Дегенмен, оқыту үдерісінде ақпараттық технологиялардың қарқынды енгізілуіне қарамастан, арнайы мультимедиялық оқулықтар мен оларды қолдану техникасы туралы әдістеменің жетіспеушілігінен ағылшын тілін үйрету үрдісінде компьютерлендіру жеткілікті дамымаған. Жалпы оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу мен компьютерлендіру мәселесіне Б.А.Досжанов, Ұ.Т.Нұрманалиева, С.Т.Сиргебаева, Б.Т.Абыканова, Г.Б.Таутаева, Ж.А.Қараев және т.б. ғалымдардың еңбектері арналған.

Әр адамның мәдени құндылықтары – білімі, материалдық және рухани мәдениеті, ұлттық танымы, салт-дәстүрі ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау арқылы тілде сақталады. Тіл тұлғаның өзіндік құндылықтарын – менталитетін, халықтың салт-дәстүрін, әдеп- ғұрпын бейнелейтін айнасы.

Мәдениетаралық қарым – қатынасқа түсу үшін жақсы дайындық қажет. Бүгінгідей ғаламдық жаһандану кезеңінде, ғылым мен техниканың қарыштап дамыған ХХІ ғасырда әлемнің көшбасшы елдері мен алпауыт мемлекеттерінің жетегінде кетпес үшін, жас тәуелсіз еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде еліміздің экономикасын көтеріп, өндірістерін жандандыру маңызды болмақ. Ол үшін ең алдымен отандық білім және ғылымды дамыту қажет. Әрбір қазақстандық қызметкер, болашақ білікті кадрлар – бүгінгі студенттер, оқушылар мен жастар білімді болуы тиіс. Біртұтас әлемдік қауымдастықты қалыптастыру үрдістері мен интеграциялық қалыптастыру үдерістері, халықаралық қарым-қатынас салаларының кеңеюі сияқты ғаламдық процестер қатарына халықаралық ынтымақтастықты ғылыми білім-беру тұрғысынан қамтамасыз ету мен қарым-қатынас салаларында мәдениетаралық байланысты арттыру мәселесін білім беру жүйесінің, атап айтқанда Қазақстан Республикасы оқу орындарының басым міндеттерінің біріне айналдырып отыр.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық - технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Интернет арқылы білім алушы грамматикалық, лексикалық, фонетикалық жаттығулар, оқуға және грамматикаға арналған тестілік

тапсырмалармен жұмыс істеу мүмкіндігін туғызып, ағылшын тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, үйреніп отырған тіл азаматын тыңдау, олармен қарым – қатынас жасау табиғи тілдік ортаны қалыптастырып қана қоймай, өзі оқып отырған тіл елінің тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрлері, экономикалық даму ерекшеліктерін қамтитын танымдық білімдерін кеңейтеді. Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық почта, мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен Ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Ал Ағылшынде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, оқытушылардың маңызды тапсырмасының бірі Ағылшын тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеушінің шын жағдаяттарын құру болып табылады.

Ақпараттық технология (information technology) – 1. объектінің, үрдістің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинақтау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын үрдіс. 2. ақпаратты өңдеу үшін пайдаланатын технологияның, элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Ақпаратты жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып, жинақты құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Сонымен, ақпараттық технология ұғымы- өңделген, жинақталған ақпаратты пайдаланушыға жинақталған түрде жеткізу әдістері, құрылғыларын, элементтерін қамтитын жиынтық. Яғни, ақпаратты бізге жинақты түрде жеткізу технологиясы болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім туралы тұжырымдамасы ойлы, өнерлі, білімді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған және қазіргі білім жүйесі оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі емес, белсенді түрін және әдістерін оқу үрдісіне енгізу бағытында құрылуы тиіс. Білімді дамыту үшін білім берудің үйреншікті әдісінен оқыту үрдісінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыратын білім берудің жаңа белсенді әдісіне көшу керек. Бұл тапсырманы оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Барлық экономикалық дамыған елдерде білім беру жүйесі толық ақпараттандырылған. Білім беру үрдісін ақпараттандыру-ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп жаңа типті оқыту, әр білім алушының қабілетін жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Қазіргі кезде жаңа білім жүйесі интернеттің пайда болуының арқасында дамығанын барлығы мойындайды. Бастысы, ағылшын тілін меңгеруде ақпараттық технологиялардың алатын орны зор.

Ағылшын тілін үйрету үрдісінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео-көріністер, әр түрлі дыбыстық презентациялар, бейне-конференция, анықтама каталогтары, жүйеде сөйлесу білім алушылардың бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу үрдісінде білім алушының белсенділігі оянады. Нәтижесінде, білім алушы ақпаратты жеңіл әрі тез қабылдайды және білім алушының ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде мектептегі оқу үдерісінің тиімділігі мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей байланысты. Күнделікті сабақ барысында ақпараттық технологияны пайдалану - заман талабына болып табылады. ХХІ ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр: білім беру сапасын көтеру, компьютерлендіру, интернет, электрондық телекоммуникация құралдары мен электрондық оқулықтар даярлау. [3,147-170б] Жоғарыда аталған тәсілдер оқушылардың заман талабына сай білім алуына, танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Соңғы жылдары көз алдымызда адамдардың әлеуметтік, мәдени, ғылыми және өндірістік қызмет аясына тікелей әсер еткен компьютерлік революция бола алады. Компьютердің оқу үдерісіне де тигізетін өзіндік әсерін жокқа шығаруға болмайды. Жаңа ақпараттық технологияны адамзат қызметінің барлық саласында енгізу ақпараттық қоғамның басты көрінісі болып табылады. Компьютерлік техниканы үздіксіз білім беру

жүйесінде пайдалану оқытудың педагогикалық технологиясы, оқытудың ақпараттық технологиясы, оқытудың компьютерлік технологиясының пайда болуына себеп болды.

Оқытудың компьютерлік технологиясы деп оқушының өз бетімен танымдық іс-әрекетін дамытуға, оқыту мен оқуды басқаруға, сондай-ақ оқу мен практикалық есептерді ойындық, адам-машиналы тұрғыдан шешуге бағытталған әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық, бағдарламалық-техникалық және ұйымдастыру құралдарының кешенін айтады [4, 239-2476].

Ағылшын тілі сабақтарында өзіміз қолданып жүрген компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу түрлерін атап өтер болсақ, лексиканы меңгерту, мәтіндік лексиканың кіріспесінде және онымен жұмыс істеуде, мысалы, азық түлік, сауда, киім, т.б. Сөйлеу жұмыстары. Көптеген бағдарламаларда микрофонмен жұмыс істеуді қарастырады. Сөздер мен сөз тіркестері тыңдалғаннан кейін, оқушы оны қайталайды. Бұдан соң диктордың сөзді айту, яғни дыбыстау ерекшелігін тыңдай отырып, жеткіліксіз жақтарын аңғарып, оқушы оны түзетуге мүмкіндік алады. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп-тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету - оқушыларды қызықтырады.

**Диалогтік сөйлеу- коммуникативтік** оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ауызекі сөйлесу – жауаптасу арқылы жүзеге асады, ал жауаптасуға дейінгі дайындық кезеңдерін былайша сараланады:

**I кезең: диалогпен танысу;**

**II кезең: диалогті жаттау;**

**III кезең: диалогті қойылымға айналдыру, яғни сөйлесім іс-әрекетін қойылым іс-әрекетімен ұштастыру;**

Жазуды оқыту. Жұмыстың бұл түрі сауатты жазу дағдыларымен, есте сақтау қабілеттерін дамытады, әрі пернетақтаны меңгеруге септігін тигізеді. Тыңдау, сауатты жазу, әріптерді теру секілді үш іс-әрекетті бір уақытта біріктіреді.

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады.

**Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда** сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек.

Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды. Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттарын ғалымдар төмендегідей саралайды:

1. Компьютер шексіз ақпарат әлемінде еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.

2. Компьютер адамның зерттеу-танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде

ерекшелінеді.

3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.

4. Құрал білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.

5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді [5,386].

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр.

Қорыта келе, ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытып, заманауи дерек көздерін үйлесімді пайдалана отырып, ағылшын тілін практикалық тұрғыдан жетік меңгеруіне, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу және түсіну дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Абдыгаппарова С.К. Американские и Казахстанские культурные ценности. Практикум по межкультурной коммуникации, (часть 3) Учебное пособие на английском языке. Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2002 г.–37с.
2. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса: Методические основы – М.: Педагогика, 1982. – С.192.
3. Mudersbach, K. & Gerzymisch-Arbogast, H. 1989. Isotopy and Translation. In P. Krawutschke (ed), Translator and Interpreter Training (= American Translators Association Scholarly Monograph Series. Vol. III.). New York: SUNY, 147-170.
4. Mudersbach, K. 1987. Kommunizieren als Übersetzungsproblem. Über Mißverständnisse und deren Verhinderung. In F. Liedtke & R. Keller. (eds), Kommunikation und Kooperation. Tübingen: Niemeyer, 239-247.
5. N. Plavinskaya few words about Cinquain // Literatura.- 2006.- № 5.- Page. 38.

ОӘК: [811.111:811.512.122]:398.93

#### **ТЫҢДАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АУДИО-ВИЗУАЛЬДЫҚ ҚҰРАЛДАР**

**Әсейін Айдана**

[asein\\_aidana@mail.ru](mailto:asein_aidana@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытышы Ж.Д. Карабаева